

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандары № 595 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіндегі 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелді.

Ескерту. Бүйрүқтың атаяу жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабының 10) тармақшасына сәйкес **БҮЙРҮГІМІН:**

Ескерту. Бүйрүқтың кіріспесі жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

1. Қоса беріліп отырған Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрүқтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрүқты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы бүйрүқты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет–ресурсында орналастыруды;

4) осы бүйрүқ мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрүқтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бүйрүқ алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

E. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 30 қазандары
№ 595 бүйрүғымен
бекітілген

Ескерту. Жоғары оқу жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.11.2022 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

Ескерту. Орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді – ҚР Білім және ғылым министрінің 09.06.2021 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.12.2020 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) 5-3-бабының 10 тармакшасына сәйкес әзірленді және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тarmaқ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының (бұдан әрі – ҚҚОКБҰ) мынадай түрлері: үлттық зерттеу университеттері, үлттық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, зерттеу университеттері, университеттер, академиялар, институттар және оларға теңестірілген (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) үйымдар ұсынады.

Ескерту. 2-тarmaқ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

3. ҚҚОКБҰ міндеті – ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасу мен дамуына бағытталған білім беру бағдарламаларын менгеру үшін қажетті жағдайларды жасау арқылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау.

4. ҚҚОКБҰ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы", "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті коммерцияландыру туралы", "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, білім беру және ғылыми қызметті реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Қағидалар мен Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Ескери, арнаулы оқу орындары (бұдан әрі – ӘА00) өз қызметін "Білім туралы" Заңының 5-1-бабына сәйкес бекітілетін нормативтік құқықтық актілердің ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тarmaқ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім министрінің 18.11.2022 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

2-тaraу. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің тәртібі

Ескерту. 2-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 09.06.2021 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

5. ҚҚОКБҰ-ны басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаларға және ҚҚОКБҰ жарғысына сәйкес дара басшылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

ӘА00-ны басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, ӘА00 қызметінің қағидаларына, ӘА00 жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

6. ҚҚОКБҰ-дағы басқару органдары олардың үйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарай құрылуы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін директорлар кеңестері және (немесе) байқау кеңестері болып табылады.

ҚҚОКБҰ алқалы басқару нысандарын (ғылыми кеңес), қамқоршылық кеңесті, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңесті, оларды сайлау тәртібін қоса алғанда, олардың жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидаларын "Білім туралы" Заңының 44-бабының 9-тarmaғына сәйкес ғылым және жоғары оқу орнынан каласындағы үекілдегі орган бекітеді.

ҚҚОКБҰ басқару органдарының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ҚҚОКБҰ-ның ішкі ережелерімен регламенттеледі.

Ескерту. 6-тarmaқ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекітаратымен.

7. ҚҚОКБҰ өздерінің даму стратегияларын және (немесе) даму бағдарламаларын және (немесе) даму жоспарларын әзірлейді және олардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді.

8. ҚҚОКБҰ қызметін тіkelей басқаруды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын (сайланатын) және қызметтен босатылатын ҚҚОКБҰ басшысы жүзеге асырады.

9. ҚҚОКБҰ проректорларын тағайындау, олардың саны және лауазымдық өкілеттіліктері ҚҚОКБҰ-ның үйымдастыру-құқықтық нысанына және меншік нысанына байланысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталаады.

ӘА00-да Қазақстан Республикасының қолданыстағы қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес тағайындалатын басшының орынбасарлары болады.

10. **ЖКОКБҰ** басшысы **ЖКОКБҰ**-ның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді, заңнамада белгіленген тәртіппен **ЖКОКБҰ** мүлкін басқарады, шарттар жасайды, сенімхаттар береді, банк шоттарын ашады және өзге де мәмілелер жасайды, барлық қызметкерлер үшін міндепті бұйрықтар мен өкімдер шығарады.

11. **ЖКОКБҰ** басшысы алқалы басқару қағидаттарында **ЖКОКБҰ**-ны басқаруды жүзеге асырады, білім алушылардың даярлық сапасын, Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнанан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарты талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – КР ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. **ЖКОКБҰ**-ның басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді. ӘA00-да басшы Қазақстан Республикасының қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы заңнамасында айқындалатын тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

13. Сот төрелігі академиясының, ӘA00-ның басшыларын қоспағанда, **ЖКОКБҰ**-ның басшысы жыл сайын стратегиялық даму және даму жоспары бойынша басқару органдары алдында есеп береді, сондай-ақ оқу жылышың аяқталуы бойынша қоғамдастықпен **ЖКОКБҰ**-ның оқу, ғылыми-зерттеу және қаржылық қызметі мәселелері җөнінде есеп беру кездесулерін өткізеді.

ЖКОКБҰ-ның қаржылық есебі алдын ала басқару органдарымен келісіледі.

14. **ЖКОКБҰ** персоналын басқару оның кадрлық саясатына сәйкес жүзеге асырылады, ол қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен адам ресурстарын дамыту, рекрутингті, **ЖКОКБҰ** қызметкерлерін **ЖКОКБҰ** педагогикалық және ғылыми қызметкерлерінің қасиби өсүіне ынталандыруды қамтитын меритократия қағидаттарына негізделеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – КР ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. **ЖКОКБҰ** жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлер кандидатураларына қойылатын талаптарды "Білім туралы" Заңының 43-1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын айқындау арқылы белгіледі және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте, **ЖКОКБҰ** дәрістердің оқуын "ғылым кандидаты" және (немесе) "ғылым докторы" ғылыми дәрежесі, немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор", дәрежесі, немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)", немесе "профессор" (бар болған жағдайда), сондай-ақ тиисті ғылымдар бойынша магистр дәрежесі бар оқытушылармен және (немесе) қызметінде өтілі кемінде үш жыл немесе бейін бойынша кемінде бес жыл практикалық өтілі бар аға оқытушылармен қамтамасыз етеді.

Дәрістерді оқуға және (немесе) оқу сабактарының басқа да түрлерін өткізуге кадрлар даярлау бағытының бейініне сәйкес келетін экономика саласында практикалық жұмыс тәжірибесі бар ғылыми қызметкерлер, еңбек сіңірген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одактардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылуы мүмкін.

ӘA00-да және Сот төрелігі академиясында дәріс сабактарын өткізуге, білім алушылардың дипломдық жұмыстарына (жобаларына), ғылыми-зерттеу жұмысына жетекшілік етуге "Білім туралы" Заңының 5-1-бабының 13) тармақшасына және 5-2 бабының 10) тармақшасына сәйкес бекітілген педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларында айқындалған мамандар жіберіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – КР ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – КР ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.10.2023 № 526 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16. **ЖКОКБҰ** профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурсстық орналасу қағидаларын әзірлейді бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді.

ӘA00-ның профессор-оқытушылар құрамын лауазымға тағайындау тәртібі "Білім туралы" Заңының 5-1-бабының 14) тармақшасына сәйкес айқындалады.

17. **ЖКОКБҰ** өз құрылымын қалыптастырады және бекітеді. Бұл ретте құрылымдық бөлімшелер **ЖКОКБҰ** қызметінің барлық бағыттары мен түрлерін қамтиды.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – КеАҚ) нысанында құрылған **ЖКОКБҰ**-да академиялық саясат жөніндегі міндептерді тіkelей іске асыратын **ЖКОКБҰ** академиялық құрылымдық бөлімшелерді құру және тарату туралы шешімдер қабылдау директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

ӘA00 құрылымын "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереженің 3-тарауының 3.) тармақшасына,

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 9-бабының 13) тармақшасына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - КР Ғылым және жөфары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. ЖКОКБҰ құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді әзірлейді бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді.

19. Штаттық кестені ЖКОКБҰ айқындейді және жыл сайын оның басшысы (атқарушы орган) бекітеді.

КеАҚ нысанында құрылған ЖКОКБҰ-ларда штаттық кестені директорлар кеңесі "Білім туралы" Заңының 44-бабының 9-2-тармағына сәйкес бекіткен штат саны шегінде атқарушы орган бекітеді.

ӘA00-да штаттық кестені тиісті уәкілетті мемлекеттік орган айқындейді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - КР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.12.2021 № 614 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. ЖКОКБҰ қызметкерлерінің оқу жүктемесінің нормалары, еңбегіне ақы төлеу нысандары мен мөлшері "Білім туралы" Заңының 52-бабына сәйкес белгіленеді.

Бұл ретте профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесі ЖКОКБҰ оқу жүктемесінің нормаларын ескере отырып және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары, оқу сабактарының кестелері негізінде айқындалады.

ӘA00-да қызметкерлердің оқу жүктемесінің нормалары, еңбегіне ақы төлеу нысандары мен мөлшерлері қолданыстағы қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы заңнамаға сәйкес айқындалады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - КР Ғылым және жөфары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. ЖКОКБҰ-ның білім беру қызметі академиялық саясат негізінде жүзеге асырылады, ол білім беру қызметін жоспарлау мен басқару және студентке бағдарламаған оқытуды іске асыруға және білім сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін тиімді үйімдастыру бойынша шаралар, қағидалар және рәсімдер жүйесін білдіреді.

22. Академиялық саясат ЖКОКБҰ-ның алдында түрған басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып, ғылым және жөфары білім саласындағы қолданыстағы заңнама негізінде әзірленеді және сақталады.

Академиялық саясаттың құрылымы мен бағыттарын ЖКОКБҰ айқындейді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - КР Ғылым және жөфары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. ЖКОКБҰ-да оқу жылы қыркүйек айынан, бейіндік магистратура бағдарламалары бойынша қыркүйек және қаңтар айларынан басталып, академиялық күнтізбене сәйкес аяқталады.

ӘA00-дағы оқу жылышың басталу және аяқталу мерзімін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар айқындейді.

24. Білім алушыларды қабылдауды жүзеге асыру үшін ЖКОКБҰ "Білім туралы" Заңының 5-3-бабының 9-тармақшасына сәйкес бекітілген Жөфары және жөфары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленген ЖКОКБҰ-ға қабылдау қағидаларын әзірлейді, бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді.

ӘA00-ға білім алушыларды қабылдау "Білім туралы" Заңының 5-1-бабының 9-тармақшасына сәйкес бекітілген Тиісті деңгейдің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдаудың қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ЖКОКБҰ білім алушыларды қабылдауды, ауыстыруды және қайта қабылдауды "Білім туралы" Заңының 43-1-бабы 2-тармағының 6), 10) тармақшаларына, 44-бабының 9-2-тармағына сәйкес ЖКОКБҰ-ның Үлгілік қағидаларында, ЖКОКБҰ-да ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында көзделген растайтын құжатты тіркей отырып, ғылым және жөфары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

ЖКОКБҰ бітірушілерге білім туралы құжаттарды бергеннен кейін бір ай ішінде осы деректерді ғылым және жөфары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізеді.

ЖКОКБҰ берілген білім туралы құжаттар бойынша ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және білім туралы құжаттардың, оның ішінде бұрын берілген құжаттардың электрондық базасын (архивін) құрады.

Ғылым және жөфары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізілетін деректердің дұрыстырылған ЖКОКБҰ қамтамасыз етеді.

ЖКОКБҰ Қазақстан Республикасы Ғылым және жөфары білім министрінің 2023 жылғы 10 ақпандығы № 47 бұйрығымен (Нормативтік қықықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31894 болып тіркелген) бекітілген 17-қосымшаға сәйкес Жөфары және (немесе) жөфары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптардың және оларды есепке алу мен беру қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін ақы төлеу мөлшерін және білім беру қызметтерін көрсету шартының нысанын ЖҚОКБҰ бекітеді.

ЖҚОКБҰ білім алушылардың оқу үшін ақы төлеу мөлшері мен ақы төлегендігі туралы мәліметтерді ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізеді.

КеАҚ нысанында құрылған ЖҚОКБҰ-да жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін ақы төлеу мөлшерін бекіту директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – КР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26. ЖҚОКБҰ-ның білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдеғі № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйімдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Қашықтықтан оқытуды және онлайн-оқытуды ұсынатын ЖҚОКБҰ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген қашықтықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру үйімдерінән қойылатын талаптардың және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін үйімдастыру қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10768 болып тіркелген).

ӘA00-да қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін үйімдастыру "Білім туралы" Заңың 5-1-бабының 4-1) тармакшасына сәйкес бекітілген қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін үйімдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. ЖҚОКБҰ оқу процесін жоспарлау және үйімдастыру кезінде оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын, оқу жұмысы, оқыту технологиялары арасында, оның ішінде ҚБТ пайдаланумен уақыт көлемінің арасалмағын анықтайды.

29. Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) мәтінді пайдалану және басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны (парафраз) өзгертусіз сөйлемдерді және пікірлерді синонимдік ауыстырумен бөтен мәтінді пайдалану (бұдан әрі – бөтен мәтінді пайдалану) нысанына тексеруден етеді.

Бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің қағидаларын ЖҚОКБҰ әзірлейді, бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді.

Бөтен материалды пайдалануды анықтау жүйелерінде тексерілген докторлық диссертациялар Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық саралтама орталығының базасында сақталады.

Оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің жарияланымға ұсынылған ғылыми жұмыстары, сондай-ақ білім алушылардың дипломдық жұмыстары (жобалары), магистрлік диссертациялары (жобалары) қарыз алууды анықтау жүйелерінде тексеру рәсімінен етеді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. ЖҚОКБҰ оқытушысы білім беру бағдарламалары, оқу бағдарламалары (силлабус) және ең үздік халықаралық білім беру практикасы негізінде оқу сабактарын үйімдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын, оқыту әдістерін таңдау еркіндігіне ие.

31. ЖҚОКБҰ осы Қағидалардың нормаларына сәйкес білім алушыларды ауыстыру мен қайта қабылдау қағидаларын әзірлейді, бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді.

Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір ЖҚОКБҰ-дан екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, соғыс уақытында, сондай-ақ, оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖҚОКБҰ-дан ауыстыру және қайта қабылдау оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президенті жаңындағы білім беру үйімдарын және ӘA00-ны қоспағанда, білім алушы қайта қабылдау кезінде оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан кез келген ЖҚОКБҰ-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

Ғылым және жоғары білім саласындағы үәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған кезде осы ЖҚОКБҰ-ның білім алушылары ғылым және жоғары білім саласындағы үәкілетті орган лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖҚОКБҰ-ға ауыстырылады.

Білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖҚОКБҰ таратылған кезінде, осы ЖҚОКБҰ-ның білім алушылары лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖҚОКБҰ-ны тарату туралы ЖҚОКБҰ ерікті түрде қайтарған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖҚОКБҰ-ға ауыстырылады.

Аkkreditteу тоқтатыла түрған, қайтарып алынған немесе қолданылу мерзімі өткен кезінде, Қазақстан Республикасы Президенті жаңындағы білім беру үйімдарын және ӘA00-ны қоспағанда, осы ЖҚОКБҰ-ның білім алушысы аккредиттеуді тоқтатыла тұру, қайтарып алу немесе қолданылу мерзімінің өтуі туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖҚОКБҰ-ға ауыстырылады.

ЖҚОКБҰ-ның білім алушысы жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса, окудан шығарылғаннан кейін ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

Білім алушыны ақылы негіздегі оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру "Білім туралы" Заңның 5-3-бабының 26) тармақшасына сәйкес бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Білім беру гранты бойынша білім алатын студент білім беру грантын сақтай отырып, басқа ЖҚОКБҰ-ға ауысады.

Білім алушының ауысуы кезінде қабылдайтын ЖҚОКБҰ даярлау бағытын, білім беру бағдарламасының бейінін, оқу жетістіктерін, сондай-ақ білім алушының академиялық адалдықты бұзу жағдайларын ескереді.

Білім алушының ауысуы немесе қайта қабылдануы кезінде оқыту нәтижелерін қайта есептеу үшін ЖҚОКБҰ тиісті комиссия құрады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы білім беру үйімдарын және ӘA00-ны қоспағанда, білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы және (немесе) лицензияға қосымшасы бар, сондай-ақ білім беру саласы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму үйімінше (ӘЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастырына енгізілген үлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖҚОКБҰ-да жүзеге асырылады.

Ғылым және жоғары білім саласындағы үәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру, білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын ерікті түрде тоқтату немесе ЖҚОКБҰ-ны тарату, аккредиттеудің қолданылуын тоқтата тұру, кері қайтарып алу немесе мерзімі өткені туралы шешім қабылдаған кезде білім алушылардың осы ЖҚОКБҰ-ға ауысуы немесе қайта қабылдануы жүзеге асырылады.

Жекелеген ЖҚОКБҰ-лар үшін бекітілген білім беру гранты бойынша, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық мамандықтарға түсken студенттер басқа ЖҚОКБҰ-ға ақылы негізде ғана ауысады.

Студенттерді, магистранттарды, резиденттура тыңдаушыларын басқа ЖҚОКБҰ-дан үлттық ЖҚОКБҰ-ға немесе өзге де ЖҚОКБҰ-ға ауыстыру білім алушылардың білім беру грантының құнындағы айырмашылықты қосымша төлеу шартымен жүзеге асырылады.

Білім алушының шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобынан басқа білім беру бағдарламаларының тобына ауысуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандары № 600 бүйрекшімен (Нормативтік қықықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) белгіленген өту балынан төмен емес балы бар үлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған жағдайда жүзеге асырылады.

Білім алушыны жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының басқа топтарынан педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына ауыстыру Үлгілік қағидаларға сәйкес балы белгіленген шекті балдан төмен емес үлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған кезде жүзеге асырылады.

Шетелдік ЖҚОКБҰ-лардан білім алушылардың ауысуы білім берудің тиісті деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналасқан және (немесе) Экономикалық ынтымақтастық және даму үйімінше (ӘЫДҰ) мүше мемлекеттердің білім беру саласы бойынша аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастықтарына кірген үлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖҚОКБҰ-да жүзеге асырылады.

ЖҚОКБҰ білім алушыларды ауыстыру, окудан шығару, қабылдау туралы шешім шығарылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы үәкілетті органының ақпараттық жүйесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

ӘA00-ларда білім алушыларды ауыстыру мен қайта қабылдау қағидалары "Білім туралы" Заңың 5-1-бабының 12) тармақшасына сәйкес бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы білім беру үйымдарын және ӘA00-ны қоспағанда, ғылым және жоғары білім саласындағы үәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру, білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын ерікті түрде тоқтату немесе ЖҟОКБҰ-ны тарату, аккредиттеудің қолданылуын тоқтата тұру, кері қайтарып алу немесе мерзімі өткені туралы шешім қабылдаған кезде ЖҟОКБҰ білім алушыларды міндettі түрде хабардар ете отырып, ЖҟОКБҰ-ның ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастырады.

Бұл ретте ақпарат ЖҟОКБҰ ресми веб-ресурсының басты бетінде орналастырылады. Ақпарат сайт (header) (хәдер) тақырыбының үстінде, қаріп өлшемі кемінде 20 пиксель (px), шрифт – қалың, жаңалықтар блогында (негізгі бетте бар болса) орналастырылады. Ақпарат тізімнің бірінші орнында жарияланады және жаңа жаңалықтар қосылғанда төмен жылжымайды.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.

32. Білім алушыға академиялық демалыс сырқаты бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін амбулаториялық-емханалық үйім жаңындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы, әскери қызметке шақыру туралы қағаз негізінде, босанғанда, бала асырап алған жағдайда 3 жасқа толғанға дейін беріледі.

Білім алушыларға академиялық демалыс беру тәртібін ЖҟОКБҰ анықтайды және сақталуын қамтамасыз етеді.

33. ЖҟОКБҰ-ның оқу-әдістемелік жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бүйрекмен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5036 болып тіркелген) Білім беру үйімдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты үйімдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес үйімдастырылады.

ӘA00-ның оқу-әдістемелік жұмысы "Білім туралы" Заңың 5-1-бабының 4) тармақшасына сәйкес бекітілген әскери, арнаулы оқу орындарында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті үйімдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес үйімдастырылады.

Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректымен.

34. Білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында ЖҟОКБҰ европалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін құрады және сақталуын қамтамасыз етеді, ол мыналарды қамтиды:

- 1) сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- 2) бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- 3) студентке бағдарланған оқыту, сабак беру және бағалау;
- 4) білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- 5) оқытушылар құрамы;
- 6) оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- 7) ақпаратты басқару;
- 8) жүртшылықты хабардар ету;
- 9) тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- 10) сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

Сот төрелігі академиясын және ӘA00-ны қоспағанда, ЖҟОКБҰ факультетінің (мектептің) базасында білім беру бағдарламаларының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша, бағалау саясаты және факультеттің (мектептің) өзге де академиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын (комитет, комиссия), білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкес келуіне, академиялық адалдықты бұзы фактілерінің болуына білім алушылар арасында сауалнама үйімдастыратын академиялық сапа жөніндегі кеңес құрылады.

Академиялық сапа жөніндегі кеңестің (комитеттің, комиссияның) құрамына оқытушылар, білім алушылар, ЖҟОКБҰ әкімшілік-басқару персоналының өкілдері кіреді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Академиялық адалдық оқыту процесінің негізі болып табылады және оны іске асыруды **ЖКОКБҰ** қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары:

1) академиялық жұмыста адалдық пен өзара сыйластықты қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;

2) жоғары әдеп құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділетті және объективті қағидаларын бекіту;

3) басқа білім беру үйымдарының верификацияланатын транскриптері негізінде білім алушының кредиттерін қайта есептеудің нақты тетігін және рәсімін анықтау жолымен білім алушының жүйелі және үздіксіз оқу траекториясын қамтамасыз ету;

4) академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін оқытушы ретінде оқытушыға құрмет көрсету;

5) академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау үшін білім беру процесінің қатысуышыларын көтермелей және ынталандыру;

6) оқытушының пәннің нақты саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды анықтауы;

7) оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлері саясатын анықтауы;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін шаралар қабылдау;

9) білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық ұждансыздықты көрсетудің алдын-алуға көмектесетін академиялық органды жасау.

36. **ЖКОКБҰ** мыналарды қамтитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін арнайы жағдайлар жасайды және олардың сақталуын қамтамасыз етеді: онсыз ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың білім беру бағдарламаларын меңгеру мүмкін емес оқытуың арнайы әдістері, техникалық, оқу құралдары, тіршілік ортасы, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтері.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Кәсіптік практика кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламасының міндettі компоненті болып табылады.

Кәсіптік практика оқу, педагогикалық, зерттеу, өндірістік және диплом алды деген түрлерге бөлінеді.

ЖКОКБҰ кәсіптік практиканы үйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде үйымдарды айқындау қағидаларын әзірлейді, бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы үйымдастыру мен өткізу қағидаларын **ЖКОКБҰ** ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірлейді және бекітеді.

Негізгі білім беру бағдарламасын (Major) (мейжор) және қосымша білім беру бағдарламасын (Minor) (минор) іске асыру кезінде негізгі білім беру бағдарламасының (Major) (мейжор) бейініне сәйкес келетін үйым (кәсіпорын) практика базасы ретінде айқындалады.

Кәсіптік практиканы өткізуге арналған шарттың нысанын **ЖКОКБҰ** айқындаиды.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны білім беру бағдарламасымен айқындалады.

Кәсіптік практиканы өткізу базасы ретінде кәсіптік практикаға жетекшілік ету үшін білікті кадрлары мен материалдық-техникалық базасы бар үйымдар айқындалады.

ӘA00-да кәсіптік практика мен тағылымдаманың барлық түрлері бойынша бағдарламаларды әзірлеу және бекіту тәртібі "Білім туралы" Заңың 5-1-бабының 11) тармақшасына сәйкес бекітілген дәсери, арнаулы оқу орындары білім алушыларының кәсіптік практикасасы мен тағылымдамасын үйимдастыру және өткізу қағидаларымен айқындалады.

Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Формальды емес білім арқылы ересектер алған оқу нәтижелерін тану "Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің кейібір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-

тармағының 48) тармақшасына сәйкес бекітілген Формальды емес білім беретін, танылған үйымдардың тізбесіне енгізілген үйымдар беретін формальды емес білім арқылы ересектер алған оқу нәтижелерін тану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу, меңгерілген кредиттерді есепке алу, аралық және қорытынды атtestаттауды үйымдастыру және білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізу үшін ЖКОКБҰ-да тіркеу офисі құрылады.

ӘA00-да оқу пәндеріне тіркеу, меңгерілген кредиттерді есепке алу, аралық және қорытынды атtestаттауды үйымдастыру және білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізу үшін білім беру сапасын мониторингілеу және бақылау (бағалау) бөлімшесі құрылады.

40. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды атtestаттауды өткізу дін тәртібін ЖКОКБҰ өзінің академиялық саясатына және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласына және ЕСТС (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша айқындауды және сақтайды.

Бұл ретте ЖКОКБҰ білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды атtestаттау, сабакқа қатысуы туралы деректерді Ұылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізеді.

Тілдер бойынша (қазақ, шет тілі, орыс) білім алушылардың оқудағы жетістіктері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес білім алушылардың шет тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік үлгіге және ЕСТС (иситиэс) дәстүрлі бағалар шкаласына сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

Тілді меңгеру деңгейі шет тілді меңгерудің жалпыевропалық құзыретіне (бұдан әрі - ЖЕК) (A1, A2, B1, B2, C1, C2) сәйкес болады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - КР Ұылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

41. Білім алушы ЖКОКБҰ-дан келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілігі;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) Ішкі тәртіп қағидалары мен ЖКОКБҰ жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
- 5) өз еркімен.

42. "FХ" "қанағаттанарлықсыз" бағасын алғанда оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайталап өтпей-ақ ЖКОКБҰ-ның академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) бір реттен артық емес қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

"F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" бағасын алғанда білім алушы осы оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабактарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайда және қорытынды бақылауды тапсырады.

ЖКОКБҰ-дан шығарылған білім алушыға ЖКОКБҰ-ның бірінші басшысы қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт жазылады.

Транскрипте FХ және F бағаларымен қоса барлық қорытынды бағалары көрсетіліп, білім алушы игеріп алған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.

43. Білім алушыларды қорытынды атtestаттау үшін ЖКОКБҰ-да білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша атtestаттау комиссиясы құрылады және оның құрамын ЖКОКБҰ белгілейді.

ӘA00-да қорытынды атtestаттауды өткізу үшін "Білім туралы" Заңның 5-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес бекітілген Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды атtestаттауды өткізу қағидалары бойынша Мемлекеттік атtestаттау комиссиясы құрылады.

44. Атtestаттау комиссияның құзыретіне төмендегілер кіреді:

- 1) білім беру бағдарламалары белгілеген талаптарға сай бітіруші мамандардың теориялық және практикалық даярлығы сәйкестігінің деңгейін тексеру;

2) бітірушіге бакалавр немесе магистр дәрежесін беру немесе тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "маман" біліктілігін беру;

3) кадрлар даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

45. Бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

46. "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған түлғаларға кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ диплом жұмысын (жобасын), магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға, қорытынды атtestаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

47. Қорытынды атtestаттаудан "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушы "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған: диплом жұмысын (жобасын) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғай алмаған" немесе "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған: кешенді емтиханды тапсыра алмаған" деп ЖЖОКБҰ басшысының бүйрұғымен ЖЖОКБҰ-дан окудан шығарылады.

ӘA00-да қорытынды атtestаттаудан "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған: диплом жұмысын (жобасын) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғай алмаған" немесе "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған: кешенді емтиханды тапсыра алмаған" ретінде ЖЖОКБҰ-дан шығарылады.

Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрұғымен.

48. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын игергенін растиған және қорытынды атtestаттаудан өткен білім алушыға атtestаттау комиссияның шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері немесе маман біліктілігі тағайындалады және қосымшасы бар диплом тегін негізде беріледі.

Диплом қосымшасында оқудың және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының барлық түрлері бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білімді бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

49. ЖЖОКБҰ білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысанын және оларды толтыруға қойылатын талаптарды "Білім туралы" Заңының 39-бабының 5-1-тармағына сәйкес айқындаиды.

Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттардың номірлері мен QR кодтары ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган ұсынатын арнайы сервисте жасалады.

Генерацияланған номірлері және QR кодтары жоқ өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттар жарамсыз деп есептеледі.

КеАҚ нысанында құрылған ЖЖОКБҰ-да білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысанын және оларды толтыруға қойылатын талаптарды бекіту директорлар кеңесінің алғысында жатады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.12.2021 № 614 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрұғтарымен.

50. Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және үлгерімінің (GPA) орта балы 3,5-тен төмен емес кезінде оқу пәндері мен оқу қызметінің (қорытынды атtestациядан басқа) басқа түрлері бойынша A, A – "өте жақсы", B-, B, B+ – "жақсы" деген қорытынды бағалары бар, сондай-ақ қорытынды атtestацияны A, A – "өте жақсы" деген баға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымшасы түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырғаны немесе қайталап тапсырғаны бар білім алушыға үздік диплом берілмейді.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрұғымен.

51. Докторлық диссертацияларды қорғауды үйімдастыру мен өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бүйрұғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) Дәрежелерді беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрұғымен.

52. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген бітірушілердің тізімі, ӘA00-ны қоспағанда, олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы және берілген дипломның номірі көрсетіле отырып, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне орналастырылады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құntізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. **ЖКОКБҰ** кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде бітіру жылы ішінде бітірушілердің кемінде 50%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.

Бұл ретте, **ЖКОКБҰ** түлектеріне құрылған жұмыс орындарының санына мониторинг жүргізуі қамтамасыз етеді. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар түндаған жағдайларда жоғары оқу орны бітірушілердің кемінде 50%-ын кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде бітіргеннен кейінгі екі жыл ішінде жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.

54. **ЖКОКБҰ**-ның тәрбие қызметі оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және патриотизм, азаматтылық, интернационализм, жоғары мораль және адамгершілік, конфессиялардың толеранттылықтың құқықтық мәдениетін, сондай-ақ білім алушылардың жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

ӘA00-да тәрбие жұмысы "Білім туралы" Заңның 5-1-бабының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген Әскери, арнаулы оқу орындары қызметінің қағидаларында айқындалған қосымша жұмыс түрлерін қамтиды.

55. Тәрбие қызметі білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының адами қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.

ЖКОКБҰ-да тәрбие жұмысы қазақстандық бірегейлік пен бірлік, "Рухани жаңғыру" қоғамдық сананы жаңғыру бағдарламасы рухани-адамгершілік құндылықтары, салауатты өмір салтының мәдениетін қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық көріністеріне атымен төзбеушілік негізінде жүзеге асырылады.

ЖКОКБҰ білім алушылар өз еркімен құрған студенттік өзін-өзі басқару органдарының қызмет етуін қамтамасыз етеді. Студенттік өзін-өзі басқару органдары студенттер құрамынан тәрағаны және тәраға орынбасарын тағайындауды және оларға білім алушылардың мұдделері жөніндегі мәселелерді талқылау кезінде **ЖКОКБҰ**-ның алқалы басқару органның отырыстарына қатысуға рұқсат етіледі.

56. **ЖКОКБҰ**-дағы ғылыми-зерттеу жұмыс қызмет түрлеріне сәйкес:

- 1) іргелі, қолданбалы, іздеу (бастамашылық, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, оның ішінде инновациялық бағыттар бойынша жұмыстар жүргізуіді;
- 2) тапсырыс бойынша, бөгде үйымдармен жасалған шарттар бойынша ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруды;
- 3) студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысын үйымдастыруды;
- 4) оқытудың инновациялық технологияларын және ғылыми зерттеулер нәтижелерін оқу процесіне және өндіріске енгізуі әзірлеуді;
- 5) ӘA00-ны қоспағанда, зерттеу қызметінің инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыруды, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландырудың тетігін құруды және ендіруді;
- 6) зерттеушілер мен әзірлеушілердің зияткерлік мешігі мен авторлық құқықтарын қорғауды қамтиды.

57. **ЖКОКБҰ** Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады және сақталуын қамтамасыз етеді.

ЖКОКБҰ шетелдік білім беру, ғылыми және мәдени үйымдармен, халықаралық үйымдармен және қорлармен тіkelей байланыстарды орнатады, ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты шарттар жасасады, білім алушылармен, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысады, ғылым және жоғары білім саласындағы халықаралық үкіметтік емес үйымдарға (қауымдастықтарға) мүше болады.

Бұл ретте, **ЖКОКБҰ** шет мемлекеттің мәдениетімен, дәстүрлерімен, тұрмыс-салттарымен және тілін игерумен байланысты қызметі бар шетелдік құрылымдық бөлімшелерді (институттарды, орталықтарды, кафедраларды және т.б.) ашу мәселесін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келіседі.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның сұрауы бойынша **ЖКОКБҰ** халықаралық ынтымақтастықты іске асыру және шетелдік құрылымдық бөлімшелердің (институттардың, орталықтардың, кафедралардың) қызметі туралы есептерді жолдайды.

ӘA00-лар шетелдік үйымдармен ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты шарттар жасасады, білім алушылармен, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысады, тиісті уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша ғылым және жоғары білім саласындағы халықаралық үкіметтік емес үйымдарға (қауымдастықтарға) мүше болады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құntізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. ӘA00 халықаралық шарттар мен келісімшарттарға сәйкес шетелдік азаматтар қатарынан мамандар даярлауды жүзеге асырады.

59. ЖЖОКБҰ-ның ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуі білім беру қызметін жүзеге асырудың міндепті шарты болып табылады.

60. Кітапхана қоры ақпараттық ресурстардың кұрамдас бөлігі болып табылады және оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттерді, сондай-ақ білім беру бағдарламаларына сәйкес электрондық басылымдарды қамтиды.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. ЖЖОКБҰ білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайты, ақпараттық-білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын жоғары технологиялық ақпараттық-білім беру орта) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

ӘА00-ны қоспағанда, ЖЖОКБҰ ақпараттық жүйелерін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз етеді.

Бұл ретте, ЖЖОКБҰ-ның басшысы ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен әкімшілік деректер нысандарының толықтығын, нақтылығын және уақытылы толтырылуын қамтамасыз етеді.

Сот төрелігі академиясын және ӘА00-ны қоспағанда, ЖЖОКБҰ жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті жылдағы қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері бар ақпаратты ЖЖОКБҰ сайтында орналастырады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

62. Мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік үйымдардың қатысуымен ЖЖОКБҰ үшін шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару қықығында тиесілі меншікті материалдық активтермен ЖЖОКБҰ кемінде 5% қамтамасыз етілуі білім беру қызметін жүзеге асырудың міндепті шарты болып табылады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Қаржылық ресурстар көздеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асырудан алынған бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат көздері жатады.

64. ЖЖОКБҰ қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемінде бөлінген бюджеттік қаражатты және бюджеттен тыс қаражатты жұмсайды.

65. ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейтін жетекші ғалымдарға шығармашылық демалыс беру "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Занының 13-бабының 3-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Шығармашылық демалыс беру, сондай-ақ жұмыспен өтегу немесе шығыстардың орнын толтыру тәртібі мен шарттары ЖЖОКБҰ-ның ішкі құжаттарында айқындалады.

Ескерту. Қағидалар 65-тармақпен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 24.06.2024 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына
1-қосымша

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шәкіле және ЕCTS (ИСИТИЭС) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	

C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Жүктөу

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдәре қызметтіңің үлгілік қағидаларына
2-қосымша

Білім алушылардың шет тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік үлгіге және ECTS (иситиәс) дәстүрлі бағалар шәкілесіне сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Жалпыеуропалық шет тілді менгерудің құзыреті (бұдан әрі – ОЕК) бойынша тілді менгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (иситиәс) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B		3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағатта нарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағатта нарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағатта нарлықсыз
ОЕК бойынша тілді менгеру деңгейі	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (иситиәс) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар

мен сипаттама сы					
A2	A	A	4,0	95–100	Өте жақсы
	A-		3,67	90–94	
	B+		3,33	85–89	
	B		3,0	80–84	
	B-		2,67	75–79	
	C+		2,33	70–74	
	C	D	2,0	65–69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60–64	
	D+		1,33	55–59	
	D	E	1,0	50–54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0–49	Қанағаттанарлықсыз
OEK бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттама сы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (ИСИТИЭС) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық күрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
B1	A	A	4,0	95–100	Өте жақсы
	A-		3,67	90–94	
	B+		3,33	85–89	
	B		3,0	80–84	
	B-		2,67	75–79	
	C+		2,33	70–74	
	C	D	2,0	65–69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60–64	
	D+		1,33	55–59	
	D	E	1,0	50–54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0–49	Қанағаттанарлықсыз
OEK бойынша тілді меңгеру деңгейі	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (ИСИТИЭС) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық күрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар

мен сипаттама сы					
B2	A	A	4,0	95–100	Өте жақсы
	A-		3,67	90–94	
	B+		3,33	85–89	
	B		3,0	80–84	
	B-		2,67	75–79	
	C+		2,33	70–74	
	C	D	2,0	65–69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60–64	
	D+		1,33	55–59	
	D	E	1,0	50–54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0–49	Қанағаттанарлықсыз
OEK бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттама сы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (ИСИТИЭС) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық күрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
C1	A	A	4,0	95–100	Өте жақсы
	A-		3,67	90–94	
	B+		3,33	85–89	
	B		3,0	80–84	
	B-		2,67	75–79	
	C+		2,33	70–74	
	C	D	2,0	65–69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60–64	
	D+		1,33	55–59	
	D	E	1,0	50–54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0–49	Қанағаттанарлықсыз
OEK бойынша тілді меңгеру деңгейі	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (ИСИТИЭС) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық күрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар

C2	A	A	4,0	95–100	Өте жақсы
	A-		3,67	90–94	
	B+		3,33	85–89	Жақсы
	B	C	3,0	80–84	Жақсы
	B-		2,67	75–79	
	C+		2,33	70–74	
	C	D	2,0	65–69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60–64	
	D+		1,33	55–59	
	D	E	1,0	50–54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0–49	Қанағаттанарлықсыз

Жүктөу